



Астана қаласы, Нұра ауданы, Ильинка т.а.
Қашаубаев к.28, БСН 161240006031
e-mail: zhaukazyn92@mail.ru тел.:(7172)26-36-24

город Астана, район Нұра, ж.м. Ильинка
ул. Кашаубаева 28, БИН 161240006031
e-mail: zhaukazyn92@mail.ru тел.:(7172)26-36-24

БҰЙРЫҚ

« 06 » 09 2025 ж.

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 49

город Астана

Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы №506 бұйрығы, «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 113-тармақшасы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Балабақшада осы қағидалар мен негізгі ұғымдар қолданылсын:

1) Баланы жәбірлеу (буллинг) – қорлау сипатындағы жүйелі (екі және одан көп) әрекеттер, қудалау және (немесе) қорқыту оның ішінде қандай да бір әрекетті жасауға немесе жасаудан бас тартуға мәжбүрлеуге бағытталған әрекеттер, сол сияқты жария түрде немесе бұқаралық ақпарат құралдары және (немесе) телекоммуникация желілері пайдаланыла отырып жасалған дәл сол әрекеттер (кибербуллинг);

2) Әлеуметтік оңалту – кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы жүйесінің органдары мен мекемелері жүзеге асыратын арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж кәмелетке толмағанды құқықтық, әлеуметтік, дене бітімі, психикалық-педагогикалық, моральдық және (немесе) материалдық жағынан қалпына келтіруге бағытталған шаралар кешені;

3) Әлеуметтік бейімделу – арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж баланың қоғамдағы құндылықтарды, мінез - құлық қағидалары мен нормаларын игеру және қабылдау арқылы әлеуметтік ортаның жағдайларына белсенді түрде бейімделу процесі, сондай - ақ басынан кешірген психологиялық және (немесе) моральдық зардаптарды еңсеру процесі;

4) Баланың заңды өкілдері – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес балаға қамқорлық жасауды, білім, тәрбие беруді, оның құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын ата - аналар (ата - ана), бала асырап алушылар, қорғаншы немесе қамқоршы, баланы қабылдайтын ата - ана (баланы қабылдайтын ата-аналар), патронат тәрбиеші және оларды алмастырушы басқа да адамдар.

2.Баланы жәбірлеудің буллингтің профилактикасын жүргізу тәртібі орындалсын.

3.Баланы жәбірлеу (буллинг) туралы ақпаратты қабылдау және баланы жәбірлеу (буллинг) белгілерін анықтау және оларға ден қою тәртібі қатаң қадағалансын.

4. Кез –келген кезде баланың құқықтарын қорғауды топ жетекшілері мен психолог А.Р. Кожамсеитоваға жүктелсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Балабақша меңгерушісі



А.К. Салыкова